

Айыппұл сомасын өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 6 тамыз N 369

Герман кредит желісі бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі АКА Ausfuhrkredit-Gesellschaft m.b.h. герман банкі ұсынған есептесуі негізінде "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының жалпы сомасы 1 608 988 (бір миллион алты жүз сегіз мың тоғыз жүз сексен сегіз) неміс маркасындағы кредит үшін проценттер бойынша мерзімі өткен берешекті, сондай-ақ "Сыртқы экономикалық қызмет" бөлімі бойынша 1996 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде есептелген айыппұл сомасын өтейтін болсын.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі заемшыға төленбеген соманы республикалық бюджетке сөзсіз қайтару үшін Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің, "Павлодартрактор" акционерлік қоғамы мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің арасында үш жақты келісім жасауды қамтамасыз етсін.

Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр